Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№58 (9841)
23 шілде, сенбі
2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Ел жаңалықтары

7 оңалту орталығы ашылады

Қазақстанда Балалар жылында 6 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 19 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті және 7 оңалту орталығы ашылады.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, олар балаларға әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзету арқылы қолдау көрсетуге қажеттілік бар өңірлерде құрылады. Бүгінде елімізде 88 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 211 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 14 оңалту орталығы және 213 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді.

«ПМПК, түзету кабинеттерінің саны жыл сайын артып келеді. Оқу-ағарту министрлігі бұл жұмысты бақылауда ұстап отыр. Былтыр Қарағанды, Ақтау қалаларында, Маңғыстау облысының Бейнеу ауданында, Алматы облысының ауылдарында және Қапшағай қаласында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар ашылды. 2021 жылы 13 түзету кабинеті ашылды. Осылайша балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау айтарлықтай кеңейіп келеді» деді Оқу-ағарту министрлігі Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Әйгерім Күдеринова.

Сонымен қатар елімізде арнайы білім беру ұйымдарының саны да айтарлықтай өсті. Балалар жылында Тараз, Орал және Қарағанды қалаларында аутизмі бар балаларға арналған 3 қолдау орталығы ашылды. Ерекше балалармен тәжірибелі мамандар жұмыс істейді. Оңалту және психологиялық-педагогикалық түзету қызметтері мемлекеттік қызмет болып есептеледі және ол тегін көрсетіледі.

Қор білім гранттарына конкурс жариялады

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «Білім беру гранттары» қайырымдылық бағдарламасын жүзеге асыру аясында гранттар мен шәкіртақылар беруге конкурс жариялады.

Қор бакалавриат бағдарламалары бойынша жоғары білім алу ақысын төлеу үшін мемлекеттік немесе өзге грант ала алмаған, ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан түлектерге, жетім балаларға және мүгедектігі бар балаларға шәкіртақы төленетін гранттар береді.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының гранттары мен шәкіртақысына үміткерлер өзі таңдаған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиясына 10 тамыздан бастап 17 тамыз аралығында өтінім тапсырады. Бағдарлама 2022-2023 оқу жылында жүзеге асырылады.

ЖЖОКБҰ комиссиясы арқылы өткізілетін конкурстардың қорытындылары бойынша «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім беру гранттары мен шәкіртақысын беру үшін бағдарламаның қатысушыларын іріктеу критерийлері:

ҰБТ тапсырған және ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін қажет өту балын жинаған түлектер:

– ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан тұлғалар;

– жетім бала санатына жататын және кәмелеттік жасқа дейін ата-анасының қамқорлығынсыз қалған тұлғалар;

– мүмкіндіктері шектеулі, соның ішінде мүгедектігі бар тұлғалар.

2) ЖЖОКБҰ студенттерінің арасында өткізетін конкурстардың қорытындылары бойынша Қордың гранты мен шәкіртақысына үміткер Бағдарлама қатысушыларын іріктеу критерийлері:

– мүмкіндігі шектеулі, соның ішінде мүгедектігі бар студенттер;

– жетім бала санатына жататын және кәмелеттік жасқа дейін ата-анасының қамқорынсыз қалған студенттер;

- ауылдық жерлердегі жағдайы төмен отбасылардан шыққан студенттер;

- толық емес отбасыдан, 1 және 2 топтағы мүгедек балаларды тәрбилеп жүрген отбасыдан шыққан студенттер;

- ата-аналары/ата-анасының бірі 1 және 2 топ мүгедегі болып табылатын студенттер.

Шәкіртақы төленетін грант бағдарламаның аясында шарт жасалған сәттен бастап бакалавриат бағдарламалары бойынша толық оқу кезеңін қамтиды. Оқу құны бойынша шектеме әрбір грант алушы студент үшін 1 млн теңге мөлшерін құрайды. Егер студенттің жылдық оқуының құны 1 млн теңгеден артық болса, онда 1 млн теңгеден асатын айырмашылықты грант алушы студенттің өзі төлеуі тиіс.

Өнім көлемі артса, баға да тұрақталады

Қазір азық-түліктің нарықтағы бағасы құбылып тұр. Мұны кешегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент те қаперге салып, мәселенің алдын алуға қатысты тиісті сала басшыларына бірқатар тапсырма да берді. Әрине Мемлекет басшысының тапсырмасын өз деңгейінде жүзеге асыруға мүмкіндік те жоқ емес. Мәселен, біз бұған дейін егісті әртараптандыру аяқ су мәселесінің алдын алудың тиімді тұсы деп келсек, дәл осы әдіспен құрығанда күнделікті тұрмыста тұтынатын бау-бақша дақылдары бағасының қымбаттауына жол бермеуге болады. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы қымбаттап жатқан тұста мұны күн тәртібінен түсірмеген дұрыс.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, бүгінге дейін әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік өнімінің 15-і қымбаттапты. «Қызылорданың Қостанайы» атанған Жалағашта жыл басынан бері ақ күріштің бағасында 35 теңгеге өсім қалыптасқан. Әрине қазір Сыр салысын ала жаздай күтіп-баптаудан оны өндіруге дейін қолданатын құрал-сайман, тыңайтқыш, жанармай сынды қажетті материалдар бағасындағы өсімге келсек, ақ күріштің құнындағы қымбатшылыққа түсіністікпен қарауға болады. Алғашқы 6 айда ұнның өзі 20 пайызға қымбаттаған. Бұл өз кезегінде нан бағасына да тікелей әсер ететіні анық.

Тізе берсек, жыл басынан бері бағасында өсім бар азық-түлік тауарлары мұнымен шектелмейді. Мәселен, бірінші жартыжылдықта қарақұмық жармасы 0,9, рожки 54,8 пайызға қымбаттаса, сиыр еті 100, тауық еті 350, сүт 125, айран 100, ірімшік 400, сары май 40, күнбағыс майы 65, жуа 190, сәбіз 25, қант 325, тұздың құны 5 теңгеге өскен.

Алты айда арзандаған азық-түлік өнімдері де бар екен. Мәселен, бізде жыл басынан бері жұмыртқа, қырыққабат пен картоптың бағасы арзандапты. Бұл мәліметтерге сүйенсек, бізде тауық етін тұтынатын тұрғындар қатары көп, керісінше оның жұмыртқасына сұраныс төмен сияқты. Болмаса төрт түлік етінің нарықтағы бағасында айтарлықтай өсімнің қалыптасуы тұрғындардың тауық етін көптеп тұтынуына сеп болуы әбден мүмкін.

Жыл басынан бері Жалағашта пияздың бағасы 200 пайызға өскен. Ал еліміз бойынша сөрелері бос қалған қанттың құны 92,9 пайызға қымбаттапты. Ірімшік пен рожкидың бағасында да жыл басынан бері 50 пайызға өсім бар. Рас, бізде рожки өндіретін кәсіпорын болмағанымен пияз бен ірімшіктің бағасын көтермеуге мүмкіндік жоқ емес. Ол үшін ауданда сүт өндірісін қолға алып, бау-бақша дақылдарына басымдық беру керек.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары да өндірілетін өнім көлемін арттыру арқылы азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік барын жоққа шығармайды. Оның ішінде күріш, картоп, пияз, сәбіз дақылдарының көлемін арттыру қажет деп есептейді. Ал мал шаруашылығын дамыту арқылы ет, сүт, айран, сары май, ірімшік өнімдерінің көлемін де арттыруға болады.

Биыл Жалағашта 35 486,5 гектарға егіс орналастырылған. Оның ішінде Сыр салысы 18 501 гектарды құрайды. Ал 720 гектарға бидай егілсе, қант құмайы 73, арпа 42, соя 39, мақсары 520, сүрлемдік жүгері 445, сұлы 5, қант қызылшасы 2,5, жаңа жоңышқа 4903 гектарға егіліп, 7186 гектар ескі жоңышқа күтімге алынған. Мұнан бөлек 646 гектарға картоп, 1108 гектарға көкөніс дақылдары егілсе, басқа да бақша өнімдері 1296 гектарға орналастырылған. Бұдан биыл да егісті әртараптандыру бағытында біршама жұмыс атқарылғанын аңғаруға болады.

Мәселен, егінді әртараптандыру мақсатында ауданда алғаш рет «Егінші» шаруа қожалығы 47 гектарға, «Тайжан» шаруа қожалығы 26 гектарға қант құмайын егіпті. Мамандар оның жерді тыңайту қабілеті жоңышқадан 2-3 есе жоғары екенін айтады. Әсіресе ол жердің тұздылығын жоюда таптырмас мүмкіндікке ие екен. Мұнан бөлек жергілікті 5 шаруашылық 36 гектарға картоп, сәбіз, қант қызылшасы секілді бақша дақылдарын еккен. Мұның өз кезегінде азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға оң әсерін тигізері анық.

Иә, биыл бірінші рет «Ер-Әлі» шаруа қожалығы тамшылатып суару әдісімен 24 гектарға картоп, 5 гектарға сәбіз, 2,5 гектарға қант қызылшасын егуді қолға алған. Шаруашылық ұжымы күзгі науқанда картоптың өзінен 900 тонна өнім алуды жоспарлап отыр. Мұнан бөлек биыл ауданда 500 гектар картоп, 1100 гектар көкөніс, 1200 гектар басқа да бақша дақылдары егілген. Оның үстіне облыс әкімінің суармалы жерлерден картоп, көкөніс, бақша дақылдарын орналастыратын жер дайындауға қатысты тапсырмасы аясында 146 гектар картоп, 8 гектар көкөніс, 96 гектар басқа да бақша дақылдары егіліпті. Ашылған жер аудандағы 802 отбасына үлестірілген.

Біз бұдан не аңғардық? Бастысы егісті әртараптандыру кезінде нарықтағы бағасында өсім болады-ау деген өнімдерге басымдық берсек, екі жеп биге шығуға мүмкіндік барын түйдік. Бірінші кезекте аяқ су мәселесін тұсауласақ, келесі кезекте азық-түлік бағасында өсім қалыптасуына жол бермейміз. Қазір Жалағашта өткен кезеңмен салыстырсақ, төрт түлік санында да өсім бар. Демек ет және сүт өнімдерінің бағасында да тұрақтылық қалыптастыруға мүмкіндік жоқ емес, тек әрекет керек. Бастысы жұмыс бар, енді келер жылы да дәл осы жоба қолға алынса игі.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Аудан әкімі Асқарбек Есжановтың елді мекендер халқымен кездесуінде көбіне халықтың талап-тілегіне жол мәселесі арқау болған еді. Содан бері Жалағашта жол құрылысы қарқын алып, жергілікті халық көтерген мәселелер ескерілуде. Расында ауданда, оның ішінде ауылдық округтерде ішкі көшелердің сапасына қатысты мәселелер баршылық. Әсіресе соңғы жылдары оның шешімін табуына жасалған жұмыстар көңіл көншітеді.

Жол сапасы бәрінен маңызды

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметіне сүйенсек, Жалағашта республикалық маңызы бар 50, облыстық маңызы бар 60,6, аудандық маңызы бар 123,5 шақырым автомобиль жолдары және оның бойында 20 көпір бар. 232,4 шақырымды құрайтын 218 көшенің 75-і кентке тиесілі, ал ауылдық елді мекендерде 143 көше бар. Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 109,9 шақырымы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда екен. 13,6 шақырымының сапасы көңіл көншітпейді.

Соңғы 2 жылда 1 млрд 93 мың теңгеге 4 елді мекенге кіреберіс 27,5 шақырым аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына және оңтүстік коллектор көпіріне, 1 млрд 57 млн теңгеге елді мекендердің 20 көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізілген. Оның ішінде Еңбек-Есет батыр аралығындағы автомобиль жолының 12,3 шақырымы да бар. Жоба құны 306 млн теңгені құрайды. Мәдениет ауылы бағытындағы автомобиль жолының 9,4 шақырымына да 308 млн теңгеге құрылыс жұмыстары жүргізілді. Дәл осындай жол құрылысы Таң, Қаракеткен ауылдарында да жалғасын тапты.

Кент орталығында да соңғы жылдары жол сапасына мән берілуде. Кенттегі 6 көшеге 586 млн теңгеге құрылыс жұмыстары жүргізілсе, «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында Таң ауылында 14 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүзеге асқан.

Аққыр ауылы бағытындағы оңтүстік коллектр көпіріне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға беріліпті. Жоба құны 300 млн теңгеге жуықтайды. Ал Есет батыр ауылы бағытындағы оңтүстік коллектор көпірін қайта жаңғырту жұмыстарын бастау үшін ұлттық қордан 59,7 млн теңге бөлініп, толық игерілген. Негізі жобаның жалпы құны 149,5 млн теңгені құрайды. Биыл көпірді қайта жаңғырту жұмыстарын толық аяқтау үшін облыс тайқазанынан 79,6 млн теңге қаралып, қазіргі таңда мердігер мекемемен жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Биыл қараша айында нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда Таң ауылына кіреберіс «Бозарық», Мәдениет бағытындағы «Қорқытбай», «Пірман» каналдарының бойындағы 3 көпірге сараптама қорытындысы алынып, апаттық жағдайда деп танылған. Жобалау-сметалық құжаттар әзірлеу үшін бюджеттік өтінім де тапсырылған.

Мұнымен ауданда жол мәселесі түбегейлі шешімін тапқан жоқ және жол құрылысы әлі де қарқын алуда. Биыл ел қазынасынан қаралған 549,5 млн теңгеге, облыс тайқазынан бөлінген 273,4 млн теңгеге, аудандық бюджеттен 12,6 млн теңгеге 22,4 шақырымды құрайтын елді мекендерде 16 көше және аудандық маңызы бар кіреберіс жолдардың жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Олардың қатарында Мырзабай ахун ауылынан 2 көше, Еңбек ауылынан 3 көше, М.Шәменов ауылынан 9 көше бар. Ал облыстық бюджет есебінен 72 млн теңге Аққыр ауылындағы 1 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бүгінге дейін Жаңадария ауылындағы 1 көшеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жобаның жалпы құны 41 млн теңгені құрайды.

Биыл әлі де ауданда бірнеше ішкі көшенің құрылысы басталады. Келер жылы да құжаттары әзірленіп жатқан көшелер баршылық. Бастысы халықтың талап-тілегі ескеріліп жатыр. Дәл осы қарқынмен жол құрылысы жалғаса берсе, ауданда жол сапасы айтарлықтай жақсарары анық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шәменов ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Ибраев Дәурен Сәбитұлының 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Ибраев Дәурен Сәбитұлы 1990 жылы 28 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. 1996 жылы Бұқарбай батыр ауылында орналасқан №33 орта мектептің табалдырығын аттап, 11 сыныпты бітіріп шыққан. Қызылорда қаласындағы «Қызылорда экономика және құқық» колледжіне оқуға түсіп, «Экономист-бухгалтер және аудитор» мамандығын тәмамдаған. «Ақмешіт» гуманитарлық институтын «Экономика» мамандығын бітірген.

2012 жылы «Фрак-Джет» ЖШС-да бұрғылаушының көмекшісі;

2013 жылы «Technology Алем Ойл» ЖШС-да бұрғылаушының көмекшісі;

2013 жылы Жалағаш ауданы әкімдігінің «Еңбек ауылдық округі әкімі аппараты» КММ жетекші маман;

2017 жылдың 25 тамызынан бастап Жалағаш ауданы әкімдігінің «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-да бас маман болып қызмет етіп келеді.

Отбасылы. Бір ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Себебі мен әкім болған жағдайда тұтас бір ауыл маған сенім артады. Яғни бір өңірдің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, іс жүргізуіме тікелей байланысты. Ал бұл уақыт ауылдың екінші тынысын ашуға толықтай жетеді деген сенімдемін. Оны жүзеге асыру үшін 4 жылдық сайлауалды бағдарламамды жасадым.

1. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында салық базасын ұлғайту жолдарын қарастыру;

2. Ауылда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу:

3. Ауыл тұрғындарын мемлекеттік, салалық бағдарламаларға қатыстыру арқылы кәсіпкерлікке бейімдеу;

4. Ауыл көшелерін асфальттау, жарықтандыру жұмыстарын қолға алу;

5. Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамыту;

6. Учаскелік полиция инспекторы мен ақсақалдар алқасы мүшелерімен бірлесе отырып, ауылда қоғамдық тәртіптің сақталуы бағытында жұмыс жасау;

7. Жергілікті қоғамдастық өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау негізгі міндетім деп білемін.

Жалағаштың кез келген ауылы менің туған жерім деп білемін. Өзім де ауылдық елді мекен тұрғыны болғандықтан, ауылдарда тұралаған мәселелер маған таңсық емес. Ал оның шешіміне жұмыс жасау үшін бірінші кезекте елдің ауызбіршілігі, ынтымағы, қолдауы қажет. Алдағы саяси науқан менің 4 жылда М.Шәменов ауылдық округінің екінші тынысын ашуыма берілген үлкен мүмкіндік деп білемін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шәменов ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Аширбеков Жанабай Турабаевичтың 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Мен Аширбеков Жанабай Турабаевич 1964 жылы 1 қаңтарда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келдім.

Ұлтым – қазақ, білімім – жоғары.

Еңбек жолымды 1981 жылы Жаңаталап кеңшарында жұмысшы болып бастадым.

1985 жылы 1 қазанда Калинин ауылдық кеңесінің әскери есеп столының бастығы болып қызметке қабылдандым.

1994 жылы 10 наурызда Мақпалкөл ауылы әкімшілігінің әскери есеп столының бастығы, маман болып тағайындалдым.

1999 жылы 20 желтоқсанда Мақпалкөл ауылдық округі әкімінің аппараты маманы;

2008 жылы 18 ақпанда Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы;

2014 жылдан бастап Мақпалкөл ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман қызметін атқарамын.

Жолдасым Махамбетжанова Беренкүл Ідірісқызы 1966 жылы 1 мамырда Жалағаш ауданы М.Шәменов ауылында туған. Ұлты – қазақ, білімі – арнаулы орта.

Ұлым Әшірбеков Мейрамбек Жаңабайұлы 1988 жылы 6 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылында туған. Білімі – жоғары, ұлты – қазақ. Қазіргі уақытта «Ер-Әлі» шаруа қожалығында жұмыс жасайды.

Қызым Әшірбекова Гүлжаухар Жаңабайқызы 1990 жылы 17 қаңтарда туған. Білімі – жоғары. Ұлты – қазақ. Арал ауданында тұрмыста.

Қызым Әшірбек Гүлнәр Жаңабайқызы 1993 жылы 9 желтоқсанда туған. Білімі – жоғары, ұлты – қазақ. Қызылорда қаласында тұрмыста.

Қызым Жаңабай Айжан Жаңабайқызы 1998 жылы 25 қазанда туған. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Ақтөбе қаласында медициналық академияда оқиды.

Отбасымда және менің жақын туысқандарымда қылмыстық жауапқа тартылған адам жоқ.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Жұмыссыздықты азайту мақсатында кәсіпкерлікті дамыту бағытында жұмыс жасау:
2. Ауылдық округтегі қоғамдық-саяси, діни ахуалды үнемі бақылауда ұстау;
3. Ауылдағы ескірген электр желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізу;
4. Әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасыларына, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру;
5. Салық базасын ұлғайту көздерін қарастыру;
6. Ауыл көшелеріне кезең-кезеңімен асфальт төсеу жұмыстарын қолға алу;
7. Ауыл көшелерін аяқ сумен қамтамасыз ету;
8. Елді мекенде көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу негізгі міндетім деп білемін.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы М.Шәменов ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Есжанов Галымжан Сансызбаевичтың 2022-2026 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Есжанов Галымжан Сансызбаевич 1970 жылы 3 желтоқсанда Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде дүниеге келген. Білімі – жоғары.

1992 жылы Қызылорда қаласындағы ауыл шаруашылық техникумына түсіп, 1995 жылы «Экономист бухгалтер» мамандығы бойынша, 2002 жылы Қазақстандық экономика және құқық институтында оқып, «Экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1991 жылы Коммунизм совхозында жұмысшы болып бастаған. 1998 жылдың тамыз айынан М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының салық инспекторы болып қызмет атқарған.

2002 жылы аудандық экономика және кіші кәсіпкерлікті қолдау бөлімінде іс жүргізуші;

2003-2004 жылдары аудандық экономика бөлімінің, аудандық экономика және кәсіпкерлікті қолдау бөлімінің бас маманы.

2005 жылы М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

2006 жылы Жалағаш аудандық қазынашылық бөлімінің бас маманы;

2013 жылы ақпан айынан бастап Жалағаш аудандық қазынашылық басқармасы басшысының орынбасары;

2018 жылдың тамыз айынан бастап осы уақытқа дейін М.Шәменов ауылдық округі әкімі қызметін атқарып келеді. Отбасылы. 3 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

1. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы арқылы жұмыссыздықты азайту мақсатында кәсіпкерлік нысандардың ашылу бағытында жұмыс жасау менің алдағы 4 жылда атқаратын негізгі жұмыстарымның бірі болып табылады.
2. М.Шәменов елді мекеніндегі көшелерді толығымен жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді де күн тәртібінен түсірмеймін.
3. Жергілікті өзін-өзі басқару шотына түсетін түсімдерді ұлғайту да негізгі міндетім болып табылады.
4. Салық базасын ұлғайту көздерін қарастыру, кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын жандандыру басты міндетім деп білемін.
5. М.Шәменов елді мекені бойынша бұрын асфальт төселмеген көшелерді тегістеу, кейін кезең-кезеңімен асфальттау жұмыстарын жүргізуді де назардан тыс қалдырмаймын.
6. Тұрмысы төмен отбасыларға, көпбалалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету бағытында жұмыс жасау да менің алдағы 4 жылда атқаратын негізгі мақсат-міндеттерімнің бірі болып табылады.
7. М.Шәменов елді мекенін көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жағдайын қамтамасыз ету де күн тәртібінен түспейді.
8. Жергілікті қоғамдастық өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс жасау аса маңызды деп ойлаймын.
9. М.Шәменов ауылдық округінің қоғамдық-саяси ахуалының тұрақты болуын үнемі бақылауға алу да менің негізгі мақсат-міндеттерімнің бірі болып табылады.
10. М.Шәменов елді мекені көшелерін аяқ сумен қамтамасыз ету де менің 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда қамтылып отыр. Бұл өз кезегінде тұрғындардың бақша дақылдарын егуіне де оң әсерін тигізері анық.

Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Ауылдың екінші тынысын ашуға жұмыс жасаймын

Ауылдық елді мекендердің әлеуетін арттыруға қазір мүмкіндік мол. Тек соны тиімді пайдалану керек. Қазір мемлекет тарапынан әсіресе ауылдық округтердің еңсесін тіктеуге мейлінше қолдау бар. Ал оны сол өңірдің екінші тынысын ашуға бағыттау бірінші кезекте елді мекен әкімінің негізгі міндеті болып табылады.

Алдағы саяси науқаннан ел не күтеді? Дәл осы мүмкіндік арқылы мен М.Шәменов ауылдық округінде нендей шаруаларды жүзеге асырамын? Ауылдық округ әкіміне үміткер болудан бұрын осы сауалдарға жауап іздеумен болдым. Әрине М.Шәменов ауылында осыған дейін де бірқатар шаруа атқарылып, халық оның игілігін көрді. Алайда бұл елді мекенде шешімін таппаған ешқандай мәселе жоқ дегенді білдірмейді. 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда негізгі мәселелерді қамтып, оның шешіміне жұмыс жасауды мақсат еттім.

Кез келген елді мекенде бірінші кезекте жұмыссыздық мәселесін шешуге күш салу керек деп есептеймін. Әсіресе оның ауылдық округтерде маңызы жоғары. Себебі ауылда жұмыссыздық белең алса, жергілікті халықтың ішінде екі қолға бір күрек таппай жүргендердің саны көбейсе, ол ауылда халықтың тұрмыс сапасын арттырамын, әлеуметтің әлеуетін көтеремін деген құр сөз есебінде қала береді. Ал оны шын мәнінде іс жүзінде жүзеге асыруға да мүмкіндік жоқ емес.

Мәселен, жұмыссыздықты тұсаудың тиімді тетігі қайсы? Ауылда аталған мәселемен күресуден бұрын осы сауалдың жауабына көз жеткізу маңызды.

Менің ойымша жұмыссыздықты азайту мақсатында бірінші кезекте кәсіпкерлік саласын дамыту бағытында жұмыс жасау керек. Бұған басымдық берудің маңызы жоғары. Қазір мемлекет бұл салада серпін қалыптастыруға барлық жағдайды жасап қойды. Тіпті кез келген уақытта қаржылай қолдауға дайын. Ал тәуелсіздіктің алғашқы тоқырау жылдарында қалай еді? Салада еңбек еткендер, іс бастауға талаптылар пайыздық үстемақысы субсидияланған былай тұрсын, жалпыға бірдей берілетін несиеге мұқтаж болды. Ал қазір ше, 4 және 6 пайызбен несие, тіпті қайтарымсыз қаражат та кәсіп бастаймын деген жандарға үлестіріліп жатыр.

Міне, осыған М.Шәменов ауылдық округі халқының да қол жеткізуіне күш салу керек. Сонда ғана ауылдың екінші тынысы ашылады, өңірдің кірісі артып, экономикасында тұрақты өсім қалыптасады, елді мекенде жұмыссыздық азайып, бос жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік туады. Сондықтан алдағы 4 жылда ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік саласын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көруге жұмыс жасау қажет.

Жалпы жоспар көп, оның бәрін жүзеге асыру үшін бірінші кезекте ауылдастардың қолдауы қажет. Елдің ынтымағы, ауызбіршілігі бар жерде ғана береке болады, іс алға басады. Жасаған жұмысымыздың халық игілігін көреді. Ауылдық округтегі қоғамдық-саяси, діни ахуалды үнемі бақылауда ұстаудың маңызы жоғары.

Әлеуметтің әлеуетін арттырудан бөлек ауылдың инфрақұрылымын жақсартуды да назардан тыс қалдырмаймын. Бұл ретте электр жарығы, жол, ауыз су сынды салалардағы тұралаған мәселелердің түйінін тарқатуды да негізгі міндетім деп есептеймін. Сондықтан алдағы 4 жылда ауылдағы ескірген электр желілерін жаңартуға күш саламын. Әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген отбасыларына, көпбалалы отбасыларға көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру арқылы елдің тұрмыс сапасын арттыруға жұмыс жасаймын.

Салық базасын ұлғайту көздерін қарастыру бәрінен маңызды. Бұл ретте басқа да қаржы көздерін елді мекенге бағыттаудың маңызы зор. Ал ауыл көшелеріне кезең-кезеңімен асфальт төсеу жұмыстарын қолға алуды биылдан бастау керек. Себебі сапасы сын көтермейтін ішкі көшелер ауылда жоқ емес.

Қазір азық-түлік бағасы уақыт өткен сайын сан құбылуда. Азық-түліктің нарықтағы бағасын реттеу мақсатында маусымында бақша дақылдарын әрбір тұрғынның ала жаздай күтіп баптауы маңызды. Біз өзіміз тұрмыста тұтынатын өнімімізді өзіміз өндіргенде ғана бұл мәселенің алдын ала аламыз. Ол үшін ауылда аяқ су мәселесі болмауы керек. Сондықтан алдағы 4 жылда ауыл көшелерін аяқ сумен қамтамасыз етуді бірінші кезекке қоямын және оны күн тәртібінен түсірмеймін. Бұл өз кезегінде елді мекенде көркейту-көгалдандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізуге де оң әсерін тигізері анық.

Жанабай Аширбеков,
М.Шәменов ауылдық округі әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Халықтың сенімі бәрінен маңызды

Мемлекеттік қызметте азды-көпті жиған тәжірибеміз бар, оның ішінде ауылдық елді мекен әкімшілігінде де еңбек еткенде аға буыннан алған өнегеміз тағы бар. Міне, сол жиған тәжірибемді тұтастай бір ауылдың болашағына жұмсасам деймін. Алдағы саяси науқанда бақ сынауыма да басты себеп осы болып отыр.

Бұл саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені тұтастай бір елді мекен халқының сеніміне жұмыс жасау оңай емес. Яғни бір өңірдің алдағы 4 жылдағы болашағы менің қарым-қабілетіме, іс жүргізуіме тікелей байланысты. Мұны сайлауалды бағдарламамда да айтқан болатынмын. Ал бұл уақыт ауылдың екінші тынысын ашуға толықтай жетеді. Оны жүзеге асыру үшін 4 жылдық сайлауалды бағдарламамды ұсындым.

Елдің әлеуетін арттыру бәрінен маңызды. Бұл ретте бірінші кезекте экономикада тұрақты өсім қалыптастыру керек. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында салық базасын ұлғайту жолдарын қарастыруға алдағы уақытта басымдық беретінім де сондықтан. Себебі бірінші кезекте кіріс көзін еселеудің амалын табу керек. Онсыз ауылдың әлеуетін арттырамын деу тағы да құр сөз болып қала береді.

Қоршаған ортаның тазалығын қамтамасыз ету – баршамызға ортақ міндет. Себебі өзіміз тұратын елді мекеннің тазалығы баршамызды толғандыруы тиіс. Сондықтан ауылда көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын өз деңгейінде жүргізуге жұмыла жұмыс жасауды ұйымдастырамын. Әрине бұл ретте елдің ынтымағы бәрінен маңызды. Бірлік болмай тірлік болмайтынын жақсы білеміз. Тек санитарлық тазалық жұмыстарында ғана емес, менің 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда айтылған барлық мақсат-міндеттің жүзеге асуы үшін алдымен ауыл халқының бірлігі қажет.

Ауыл тұрғындарын мемлекеттік, салалық бағдарламаларға қатыстыру арқылы кәсіпкерлікке бейімдеудің маңызы жоғары деп есептеймін. Себебі бұл саланы дамыту арқылы тұралаған бірқатар мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік аламыз. Бұл салада серпін қалыптасса, бірінші кезекте өңірдің кірісі еселенеді, елді мекенде жұмыссыздық мәселесін болдырмауға мүмкіндік туады, жергілікті халықтың екі қолға бір күрек табуына жағдай жасалып, бос жаңа жұмыс орындары ашылады.

Қазір ауыл, қала деп бөліпжаратын уақыт емес. Себебі қазір ауылдық елді мекендерде де инфрақұрылымды дамытуға мемлекет барлық жағдайды жасап жатыр. Осы ретте ауыл көшелерін асфальттау, жарықтандыру жұмыстарын қолға алу керек деп есептеймін және оны осы жылдан бастап кету керек.

Ауыл тұрғындары арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұқаралық спортты дамытудың маңызы жоғары. Бұл жергілікті халықтың денсаулығының жақсаруына мүмкіндік береді. Сондықтан ауылда спорттық нысандар салудың да маңызы жоғары деп есептеймін.

Учаскелік полиция инспекторы мен ақсақалдар алқасы мүшелерімен бірлесе отырып, ауылда қоғамдық тәртіптің сақталуы бағытында жұмыс жасау керек. Жергілікті қоғамдастық өкілдерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасау да негізгі міндетім деп білемін. Бұл өз кезегінде ауылда бұзақылық қылмыстардың орын алуына жол бермей, елді мекенде түрлі қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік береді деп есептеймін.

Жалағаштың кез келген ауылы менің туған жерім деп білемін. Өзім де ауылдық елді мекен тұрғыны болғандықтан, ауылдарда тұралаған мәселелер маған таңсық емес. Ал оның шешіміне жұмыс жасау үшін бірінші кезекте елдің ауызбіршілігі, ынтымағы, қолдауы қажет. Алдағы саяси науқан менің 4 жылда М.Шәменов ауылдық округінің екінші тынысын ашуыма берілген үлкен мүмкіндік деп білемін. Халықтың сенімі мен үшін бәрінен маңызды. Сондықтан тұтас бір ауыл тұрғындарының сеніміне селкеу түсірмей алдағы 4 жылда қарым-қабілетімді, жиған тәжірибемді осы ауылдың әрбір саласында ілгерілеушілік қалыптастыруға жұмсаймын.

Дәурен Ибраев,
М.Шәменов ауылдық округі әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

Алдағы 4 жылда ауқымды жұмыстар атқарылады

Бұл ауылдық округте бұған дейін де ауыл әкімі болып қызмет атқардым. Шама-шарқымызша елдің, халықтың талап-тілегіне жұмыс жасадық. Мейлінше тұралаған мәселелерді шешуді негізгі мақсат-міндетімізге айналдырдық. Нәтижесі де жаман емес. Алайда бұл ауылда осымен барлық мәселе түбегейлі шешімін тапты дегенді білдірмейді. Алдағы саяси науқанда тағы да бақ сынауыма басты себеп осы болып отыр.

М.Шәменов ауылы халқының әлі де тұрмыс сапасын арттыру негізгі міндеттерімнің бірі деп есептеймін. Ол үшін әдеттегідей кәсіпкерлік саласын дамытуға мейлінше жағдай жасау керек. Жалпы мемлекет іс бастаймын деген жандарға қолдау қарқынын бәсеңдеткен емес. Кәсіпкерлік саласында серпін қалыптастыруды көздейтін түрлі мемлекеттік бағдарламалар соның дәлелі болары анық. Сол мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, саланы дамытуға және кірісін еселеуге ауыл тұрғындарына да барлық мүмкіндік бар. Әсіресе ауылда «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы арқылы кәсіпорындар қатарын арттыруға болады. Бұл өз кезегінде ауылда жұмыссыздық мәселесінің алдын алуға үлкен көмек болары анық. 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда негізгі басымдықты осы саланың дамуына бергенім сондықтан.

Ауылда инфрақұрылымды дамыту кезек күттірмейтін мәселе екені анық. Себебі оған мемлекеттік қолдау да жоқ емес. Әсіресе ішкі көшелердің сапасы мен кейбір көшелерде жарық бағаналарының жоқтығы мені алаңдатады. Алдағы уақытта М.Шәменов елді мекеніндегі көшелерді толығымен жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді де күн тәртібінен түсірмеймін. Сондай-ақ М.Шәменов елді мекені бойынша бұрын асфальт төселмеген көшелер құрылысының басталуын, кейін кезең-кезеңімен асфальттау жұмыстарын жүргізуді де назардан тыс қалдырмаймын.

Жергілікті өзін-өзі басқару шотына түсетін түсімдерді ұлғайту да негізгі міндетім болып табылады. Бұл ретте әдеттегідей кәсіпкерлік саласына қайта ораламыз. Елді мекенде кәсіпорындар қатарын арттыру арқылы халықтың тұрмыс сапасының жақсаруына қол жеткіземіз. Келесі кезекте өңірдің кірісін арттыруға жол ашамыз. Міне, салық базасын ұлғайту көздерін қарастыру, кәсіпкерлікті дамыту жұмыстарын жандандыруды 4 жылдық сайлауалды бағдарламамда негізгі мақсат-міндеттерімнің бірі һәм бірегейі ретінде қарастырғаным сондықтан.

Тұрмысы төмен отбасыларға, көпбалалы аналарға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету бағытында жұмыс жасау да менің алдағы 4 жылда атқаратын негізгі мақсат-міндеттерімнің бірі болып табылады. Себебі елдің еңсесін тіктеуде халықтың тұрмыс сапасына басымдық берген дұрыс деп ойлаймын.

М.Шәменов елді мекенін көркейту-көгалдандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық жағдайын қамтамасыз ету де күн тәртібінен түспейді. Себебі қоршаған ортаның тазалығы баршамызды алаңдатуы тиіс. Әрбір елді мекеннің көркеюі мен тазалығына әрқайсымыз жауапты екенімізді сезінуіміз керек.

Қазір елімізде аяқ су мәселесі жергілікті шаруашылықтар жұмысының ширауына кері әсерін тигізуде. Салдарынан жергілікті тұрғындар ауласына да бақша дақылдарын егуде кедергілерге кезігуде. Оның алдын алу үшін бірінші кезекте ауылда аяқ су мәселесін болдырмауға жұмыс жасау керек деп есептеймін. Жергілікті шаруашылықтармен тығыз байланыс орната отырып, оны жүзеге асыруға да толық мүмкіндік бар деп ойлаймын.

Галымжан Есжанов,
М.Шәменов ауылдық округі
әкіміне үміткер
Аудандық сайлау қоры
қаражатының есебінен төленді

Ауыл болашағы – баршамыздың болашағымыз

Елдің сеніміне сызат түсірмеу – басты міндетім. Осы жолда жиған тәжірибемді, қарым-қабілетімді жұмсауға қашанда әзірмін. Сондықтан М.Шәменов ауылдық округі тұрғындарын алдағы сайлауда белсенділік танытуға шақырамын. Әрбір сайлаушының дауысы мен үшін маңызды. Себебі халықтың таңдауы менің алдағы уақытта ауылдық округтің екінші тынысының ашылуына жұмыс жасауыма мүмкіндік береді. Алдағы саяси науқаннан шет қалмаңыз, ауыл болашағы – баршамыздың болашағымыз.

Жанабай Аширбеков,
М.Шәменов ауылдық округі
әкіміне үміткер

Әрбір сайлаушының дауысы – маған артылған сенім

Халықтың тұрмыс сапасын арттыруда ауылда әлі де атқарылуы тиіс шаруа жетерлік. Алдағы саяси науқанда бақ сынауыма басты себеп те осы. Ауылдастарымды маған дауыс беруге шақырамын. Әрбір сайлаушының дауысы – маған артылған сенім. Сондықтан алдағы 4 жылда өзімнің сайлауалды бағдарламамда қамтылған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру арқылы елдің талап-тілегіне жұмыс жасау басты міндетім деп білемін. Алдағы саяси науқаннан шет қалмаңыз.

Галымжан Есжанов,
М.Шәменов ауылдық
округі әкіміне үміткер

Тұрғындардың талап-тілегі бәрінен маңызды

Алдағы саяси науқанның үміткерлер үшін де, жергілікті халық үшін де маңызы зор. Себебі ауылдың болашағы – баршамыздың болашағымыз. Сондықтан алдағы сайлауда баршаңыздың белсенділік танытуларыңызды сұраймын. Өзіңіз сенім артқан үміткерге дауыс беруге асығыңыз. Мен үшін әрбір тұрғынның талап-тілегі бәрінен маңызды.

Дәурен Ибраев,
М.Шәменов ауылдық округі
әкіміне үміткер

Білгенге маржан

Ішектің жұмысын жақсартуда піскен алманың көмегі зор

Адам ағзасына пайдалы бірден-бір азық ол – жеміс-жидектер. Олардың әрқайсысы әр ағзамызға тиісінше қажетті дәрумендерді бере алады. Әсіресе алманың құрамындағы дәрумендер қоры өте көп болғандықтан, көптеген аурудың алдын алуда алманың өзі жәрдем береді. Алманы көбіне біз қаназдықта жейміз. Адам ағзасындағы темір азайған кезде де алманы тұтынамыз. Ал алманы қайнатып тұтыну ішек жұмысының жақсаруына мүмкіндік беретінін біле бермейміз.

Мәселен, ішек арқылы біздің ағзамыз қажетті қорегін алады. Оның жұмысы жақсы болуы керек. Сондықтан бүкіл ағзаның жұмысы ішектің күйіне және функционалдық белсенділігіне байланысты екенін білуіміз керек. Егер асқазан-ішек жолы бұзылса, бұл ас қорытудан ғана көрінбейді. Оған қоса теріде мәселе болады, созылмалы шаршау мазалайды және иммунитет төмендейді. Ішектің дұрыс жұмыс істеуі үшін оған көмектесу керек.

Ішектің жұмысын жақсарту үшін – физикалық белсенділікті жақсартыңыз, дұрыс тамақтаныңыз, жақсылап тынығыңыз. Оған қоса қара өріктің көмегімен де ішектің жұмысын жақсарта аласыз. Жаңа піскен қара өрікті жиі жеңіз. Болмаса кептірілген жемісті қайнатып ішесіз. Бұл ішектің жұмысын жеңілдетіп, керемет жұмыс істеуіне ықпал етеді. Оған қоса өт айдайтын қасиетке ие екенін ескеріңіз. Қара өріктің шырыны бактерияға қарсы ем болады. Оны ішкен кезде ішек ылғалданып, жұмысын жақсартады. Ішектің жұмысын керемет жақсартатын бірден-бір дәрі айран екенін білмейтін шығарсыз. Егер үлкен дәрет уақыты бұзылса, онда күнде жатар кезде 1 стақан айран ішіңіз. Емді 2-3 күн жалғастырсаңыз, ішектің жұмысы керемет жақсарады. Ал әңгімеміздің басында айтып өткен піскен алма адам ағзасына пайдалы пектинге, сорбитолға, лактулозаға және целлюлозаға бай. Бұл заттар өз кезегінде ішектің жұмысын жақсартып реттейді. Сондықтан алманы пісіріп жеген дұрыс. Дертіңізге дауа тапқыңыз келсе, күніне 3 алма жеңіз. Нәтижесін көп ұзамай сезінетін боласыз. Дәрігерге баруға уақытыңыз болмаса, үй жағдайында жеміс-жидектермен иммунитетіңізді көтеріп, ағзаңыздың жұмысын реттегіңіз келсе, осындай емдік әдістерді жасасаңыз болады. Тек әр әдісті жасарда қоспалардың мөлшеріне мұқият болыңыз.

Дайындаған Нұр НАУАН

Жоба

“Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Жалағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
1. “Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы” Жалағаш ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 тамыздағы №177 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №5137 болып тіркелген) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының тізбесі:
реттік нөмірлері 12, 13, 14, 16 автомобиль жолдарының атаулары мынадай болып өзгертілсін:
мына:

12	KND-12	“Беркімбай кәлпе” кесенесіне кіре беріс жол	2,3
13	KND-13	“Түмен әулие” кесенесіне кіре беріс жол	5,0
14	KND-14	“Мырзабай ахун” мешітіне кіре беріс жол	0,68
16	KND-16	“Мәмбет әулие” кесенесіне кіре беріс жол	0,2

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

12	KND-12	“Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай кәлпе”	2,3
13	KND-13	“Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов-Түмен әулие”	5,0
14	KND-14	“Самара-Шымкент-Мырзабай ахун”	0,68
16	KND-16	“Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов-Мәмбет әулие”	0,2

реттік нөмірі 17, 18 автомобиль жолымен мынадай болып толықтырылсын:
мына:

17	KND-17	“Жаңақоныс-Таң” елді мекеніне кіре беріс жол	4,820
18	KND-18	“Таң-Самұрат”	2

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жалағаш ауданының
әкімі **А. Есжанов**

Проект

О внесении изменения и дополнения в постановление акимата Жалагашского района от 24 августа 2015 года №177 “Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения”

акимат Жалагашского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**
1. Внести в постановление акимата Жалагашского района от 24 августа 2015 года №177 “Об утверждении перечня автомобильных дорог районного значения” (зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5137) следующее изменение и дополнение:
в Перечне автомобильных дорог районного значения, утвержденный указанным постановлением:
дополнить строкой, порядковый номер 12, 13, 14, 16 следующего содержания:
строку:

12	KND-12	Подъездная дорога к мавзолею “Беркимбай калпе”	2,3
13	KND-13	Подъездная дорога к мавзолею “Тумен аулие”	5,0
14	KND-14	Подъездная дорога к мечети “Мырзабай ахун”	0,68
16	KND-16	Подъездная дорога к мавзолею “Мамбет аулие”	0,2

изложить в следущей редакции:

12	KND-12	“Кызылорда-Жалагаш-Аксу-Беркимбай калпе”	2,3
13	KND-13	“Жосалы-Жалагаш-М.Шаменов-Тумен аулие”	5,0
14	KND-14	“Самара-Шымкент-Мырзабай ахун”	0,68
16	KND-16	“Жосалы-Жалагаш-М.Шаменов-Мамбет аулие”	0,2

дополнить строкой, порядковый номер 17, 18 следующего содержания:
строку:

17	KND-17	Подъездная дорога к населенному пункту “Жанаконыс-Тан”	4,820
18	KND-18	“Тан-Самурат”	2

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким
Жалагашского района **А. Есжанов**

Табиғатты аялайық

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің негізгі басты міндеті орман өрттерін болдырмау және алдын алу болып табылады.

Жыл басынан бері мемлекеттік орман қоры жерлерінде 7 өрт оқиғасы орын алды. Осы өрттің салдарынан қаншама табиғаттың берген байлықтары жойылып, табиғатқа зиян келтірді. Орман-тоғайдағы өрттердің бәрі сыртқы себептерден болады. Әйтпесе орманның ішінде өрттің көзі жоқ.

Рас, орманның жануы кейде найзағайдан да болады, бірақ өрт орман-тоғайларда негізінен адамдардың өрт қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдарынан болады. Сондықтан орман-тоғайларда өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырамыз. Өрт қауіпсіздік ережелерін бұзғандарға ҚР ӘҚБтК-нің 367 бабына сәйкес, жеке тұлғаларға 30630 теңге, лауазымды тұлғаларға 91890 теңге айыппұл салуға әкеп соғады. Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өзі өмір сүріп отырған табиғатты қорғауға және ұқыпты ұстауға міндетті.

С.ТАБЫНБАЙ,
«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ-ның орман қорғау инженері

Орманды жанама пайдаланушылардың назарына!

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ Сізге, уақытша пайдалануға берілген мемлекеттік орман қоры жерлерінде егуге тыйым салынған есірткі өсімдіктері егілгені анықталған жағдайда ҚР Заңдарына сәйкес берілген орман қоры жерлері қайтарылып алынатындығын ескертеді.

Сонымен қатар есірткі өсімдіктері егілген алқаптарды байқасаңыздар төмендегі сенім телефондарына хабарлаңыздар. 8-7242-27-55-42 немесе 21-2-82, 102. Берілген ақпараттар құпия сақталады.

«Жалағаш орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» КММ

Сайлаушылардың назарына!
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес М.Шәменов ауылдық округ әкіміне кандидаттардың сайлаушылармен кездесу кестесі

№	Үміткердің аты-жөні	Кездесу өткізілетін орын	Кездесудің өткізілетін күні	Кездесудің өткізілетін уақыты
1	Аширбеков Жанабай Турабаевич	М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» КМҚК	27.07.2022 жыл	Сағат 9.00
2	Есжанов Галымжан Сансызбаевич	М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» КМҚК	27.07.2022 жыл	Сағат 10.00
3	Ибраев Дәурен Сәбитұлы	М.Шәменов ауылдық округі әкімі аппаратының «М.Шәменов ауылдық мәдениет үйі» КМҚК	27.07.2022 жыл	Сағат 11.00

Сақтансақ, сақтайды

Түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Аудандық СЭББ және аудандық аурухана мамандары Аққыр, Жаңаталап және Мақпалкөл ауылдарында тұрғындармен кездесіп, аса қауіпті жұқпалы ауру Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының таралу және жұғу жолдары туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Тұрғындарға үнпарақтар таратылып, сұрақтарына жауап берілді.

Газетіміздің өткен сандарында кененің адам денсаулығына келтірер қаупі хақында талай жаздық. Соңғы кезде кене шаққаннан тіркелген жағдайлардың өсуіне байланысты мәселенің алдын алуда мамандардың тұрғындарды құлақтандырғаны жөн-ақ. Сақтансаң, сақтайды дейміз ғой, сондықтан кез келген адам бұл жәндіктің адам өмірін қиып жатқанын естіп, біліп тұрып, салғырттық танытпауға тиіс.

Қарапайым кенеден жұғатын конго-қырым геморрагиялық қызбасының негізгі белгісі науқастың басы қатты ауырып, дел-сал күйге түсіп, тамаққа тәбеті болмайды екен, сондай-ақ дене қызуы да көтеріледі. Терісіне бөртпелер шығып, иньекция салған, шымшыған жерлерде терісі көгеріп, ауру белгілері пайда болады. Ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы әбден мүмкін. Бұл derттің қауіптілігі сол осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады екен. Кене шағу қауіптілігі кейбір кенелердің ағзасында осы ауруды тарататын вирустардың сақталуында жатыр. Кенелер адамға мал жайғау, малды сауу, сыртта бақша егу, отын-шөп дайындау, табиғатта демалу, тағы сол сияқты жағдайларда жабысады. Өйткені кенелердің шығу мерзімі де күз, жаз айларында. Дәл осы мезгілдерде адамдар кененің шағуынан зардап шегіп жатады. Табиғат аясына, саяжайға демалған сәттерде, яғни дененің киімнен ашық жерлерін мейлінше азайту керек.

Адам денесіне жабысып, қан сорып жатқан кенені тұмсық астынан жіңішке жіппен байлап асықпай, жұлқымай, кене мұртшаларын толық шығарғанша ақырын тарту керек. Егер кененің басы толық шықпай теріде қара дақ түрінде қалып қойса, өздігінен шығуын бақылау немесе емхана хирург дәрігеріне қаралу керек. Кенені жұлған соң қолды мұқият жуып, йод немесе спиртпен сүрту керек. Өйткені кейбір жағдайларда кенелер қан сору кезінде теріге патогенді вирустар жұқтырылған зәрін қалдыруы мүмкін. Табылған кенені жағып немесе қайнаған суға салып құртқан жөн.

Кенені жұлу да қауіпті, өйткені жұлу кезінде де кене басы теріде қалып кетеді де, улы сөлі адам ағзасына тарала береді. Кене шаққанда ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін.

Қарапайым кененің өзі адам өміріне өте үлкен қауіп әкеледі. Кездесуде мамандар қатаң түрде айтқан жоғарыдағы сақтық шараларын сақтанып жүру барлығымыз үшін денсаулығымызға келетін зиянның алдын алуда көп көмегін тигізеді. Кеше ғана кененің шағуынан ауруханаға түскен жерлесіміз аурудың асқынуынан өмірімен қоштасқан болатын. Арты адам шығынымен аяқталған тағы бір жағдай тіркелді. Айналып келгенде ата-бабамыздың қаншалықты тазалықты ұстанғанын, түрлі кеселдерден қалай қорғанғанын, сақтанғанын айтпай кете алмаймыз. Әсіресе бұрында тікелей мал шаруашылығымен күнелткен халықтың осындай індеттерден аман болуы тұрмыстағы тазалығына, халықтың даналығына байланысты.

Кездесуде тұрғындар мамандарға сауал жолдады. Қауіпті індеттің алдын алу шараларына қанықты. Бастысы мамандар айтқан кеңес қаперге алынса, ешқандай мәселе болмайтыны анық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Байқау

Өрендер өнерін шыңдады

Қазақтың әні десе, дархан даланы дара үнімен тербеткен Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай әндері бірден ойға келеді. Бай әуен мен астарлы, мағыналы сөздер құлақтан кіріп бойды алады. Орыс ғалымы Потаниннің «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді» деуі тегін емес еді. Кешегі Затеевичтың да қазақтың мыңнан аса әнін жинауы текке емес. Себебі өзге елдер де қазақ халқының қанына сіңген өнерін, қазақ әнінің қасиетін мойындап, қадірлей білген. «Әннің де естісі бар, есері бар» дегендей тыңдарманның жүрегінен орын таба білетін есті әндердің орындаушылары, кешегі ретро әндермен қазақ даласын тербеткен аға-әпкелер өнерден ойып тұрып орын алды. Өкіністісі, бүгінде жоғарыда аты аталған қазақтың сал-серілерінің дара өнерін жалғаған алдыңғы аға буынның да қатары сиреп барады. Осыдан бірнеше жыл бұрын қазақ өнері мен мәдениеті ауыр қазаға ұшырады. Бұл қалың қазақтың қабырғасын қайыстырған жұлдызды ғұмырдың иесі – Батырхан Шөкенов.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, отандық эстрада өнерінің ерекше дарын иесі, атақты музыкант Батырхан Шөкенов 53 жасына қараған шағында өмірден озды. 1962 жылы 18 мамырда Қызылорда қаласында дүниеге келген ол талантын уақытында шыңдай білген ерекше дарын иесі еді. Б.Шөкеновтың өнегелі өмір жолына шолу жасайтын болсақ, қазақ ұлтының өнерін халықаралық деңгейде танытқанын білеміз. Жерлесіміз өнер жолындағы алғашқы қадамын Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының студенті кезінен Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаеваны сүйемелдейтін «Арай» тобына саксофонист болып орналасудан бастады. 1987 жылы Б.Шөкенов «Алма-Ата» атты жаңадан құрылған топта әнші ретінде өнер көрсетті. Сол тұста атағы дүркіреп тұрған топтың көшбасшысы Батырхан Шөкенов болды. 1989 жылы «Алма-Ата Студио» тобы «Джулия» деп аталатын өзінің алғашқы бүкілодақтық хитын таныстырып, Алла Пугачеваның ән театрына шақырту алған еді. Әншінің «Рождественские встречи» ән кешіне қатысқаннан кейін «А-Студио» тобы бүкіл елге танымал болды. Б.Шөкеновтің ерекше орындауындағы «Белая река», «Стоп, ночь», «Солдат любви», «Эти теплые летние дни», «Нелюбимая» сынды жаңа әндері топты көпке танымал ете түсті. 2002 жылы ол «Отан-Ана» атты алғашқы ән-жинағын қазақ тілінде шығарды. Осылайша жұлдызды ғұмыр иесі музыка өнерінде өшпестей із қалдырды.

Батырхан Шөкеновтың өзгеден еректігі шығармашылығының басым бөлігі Отанына деген терең махаббатымен ерекшеленуінде еді. Ол шығармашылық қызметімен қатар еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласты. «Батырхан – қазақ халқын, ұлтын, қазіргі қазақ эстрада жанрын халықаралық деңгейде көрсеткен өнер адамы. Батырханмен бірге жұмыс істеген, кейінгі 50 жылдық мерейтойлық концертінде бірге өнер көрсеткен достары халықаралық деңгейдегі белгілі музыканттар болды. Батырханның Астана мен Алматыда өткен концертіне Англиядан, АҚШ-тан, Ресейден, Германиядан, Украинадан арнайы өнерпаздар қатысып, халықаралық оркестрлер сүйемелдеді. Батырхан біздің мақтанышымыз еді. Батырхан Шөкенов біздің ұлтымызды, қазағымызды, қазіргі ұлттық эстрада жанрын тек қана ТМД мен Мәскеуде ғана емес, шет елдерде де танытты. Қазіргі қазақ өнерін, оның музыкасы қандай екенін, жалпы қазақ деген ұлттың қандай екенін паш етті. Біздің өнерімізді өзгелер Батырхан арқылы қабылдады. Батырханды батыр деуге де болады» деп жұлдызды ғұмыр иесінің аз ғана өмірінде өшпестей із қалдырғанын айтқан екен бір әңгімесінде өнердегі әріптесі, қазақтың маңдайына біткен жұлдыздарының бірі Роза Рымбаева.

Иә, расымен оның жасаған еңбегі, шығармашылық деңгейі халықаралық дәрежеде болды. Сондықтан болар ерекше талант иесі, әнші-сазгер, Қазақстан және Ресей эстрадасының жарық жұлдызы Батырхан Камалұлы Шөкеновтің есімі тыңдармандарының мәңгі есінде қалды. Батырхан Шөкенов – Қазақстан және Ресей эстрадасында өзіндік орнын қалыптастырып кеткен талант иесі. Ол ел есінде өзінің жарқын жүзімен, жүрек тебірентер әндерімен қалды. Саксофонда ойнап, продюсерлік қырымен де танылды. Оның қайталанбас таланты талай жасқа үлгі болды.

Қазақ өнері жарық жұлдызынан көз жазып қалғалы бері қазақ өнерінің дамуына үлесін қосқан әнші-сазгер Б.Шөкеновтың ән мұраларын, шығармашылығын жас ұрпаққа насихаттау, жастардың орындаушылық шеберлігін қалыптастыру мақсатында әншінің атына арналған байқаулар өткізіп келеді. Апта басында Жалағаш ауданы әкімдігінің қолдауымен, Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі және аудандық мәдениет және өнерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен әнші-композитордың 60 жылдығына арналған «Аманат» атты облыстық жас әншілер байқауы өтті. Ән байқауына облысқа қарасты басқа аудандардан 9 үміткер қатысты. Өнерге енді қадам басқан жастардың өнеріне облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының музыкалық бөлім меңгерушісі Бағдагүл Есмұрзаева, әнші, «Қазақстан дауысы», «Х-фактор» телевизиялық жобаларының финалисті Ару Әуезова және Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінің продюсері Баубек Ахметов қазылық жасап, талапкерлердің өнерін саралады. Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде өткен байқау барысында аудан әкімінің орынбасары Ж.Еспенбет талант иесінің өмір жолына тоқталып, қатысушы жастарға сәттілік тіледі. Мұнан соң әнші-сазгер, жерлесіміз Б.Шөкеновтың анасына аудан әкімінің құттықтау хатын табыстап, құрмет көрсетті.

Батырхан Шөкеновтың 60 жылдығына арналған «Аманат» атты облыстық жас әншілер байқауында үміткерлер екі кезең бойынша бақ сынады. Бірінші кезеңінде тақырып аясында ән шырқаса, екінші кезеңде еркін тақырыптағы өнерлерін ортаға салды. Байқау болған соң бақ та шабады, бап та шабады. Үздіктер де шығады, кемшіліктер де орын алып жатады. Кіл мықтының арасынан оза шапқан үздік қатысушы ғана көрерменнің көзайымына айналып, лайықты бағасын алады.

Жалағаштықтарға бір сәт көтеріңкі көңіл сыйлап, ұлтымызды халықаралық деңгейде танытқан жерлесіміз, сазгер, әнші Батырхан ағамыздың шығармашылығын насихаттаған байқаудың нәтижесімен, қазылар алқасының шешімімен бас жүлдені аралдық Ақбілек Жақсылық жеңіп алса, жүлделі I орынды сырдариялық Абылайхан Бәйділдаев, II орынды жалағаштық жерлесіміз Орнықхан Пазыл, III орынды сырдариялық Нұрбол Тұранов, қармақшылық Азамат Әлтаев иеленді. Қалған қатысушы өнерпаздар да қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

Қазақ өнері тағы бір жарық жұлдызынан көз жазып қалғанымен, оның есімі мен таланты, шығармашылығы ел жадында мәңгі жаңғырып тұра бермек.

Нұр НАУАН

Сараптама

Қауіпті індеттің қайтсек алдын аламыз?

Ауру айтып келмейді. Әсіресе күн ысығанда түрлі жәндік тіршілігін қайта бастап, тіпті тым көбейіп кетеді. Олардың дені адамға қауіпті. Бірақ тұрғындар қарапайым жәндіктердің қауіптілігіне бас қатыра қоймайды. Сақтықта қорлық жоқ екенін естен шығарады, ақырында салғырттыққа бой алдырады. Ал салғырттық сан соқтырады. Бұл сөзімізге қазіргі кене шағуынан өмірімен қоштасып жатқан жандар дәлел болмақ. Мезгіл мәселесі бізді де бейжай қалдырмады. Тиісті мамандармен тілдесіп көрдік, білген-түйгенімізді ой таразысына салып, саралап, сараптап оқырманға жеткізіп отырмыз.

ДӘРІГЕРГЕ СЕН, БІРАҚ САҚ БОЛ!

Облыстың бас санитары биыл аймақта кененің тым көбейіп кеткенін айтады. Жыл басынан бері кененің шағуынан болатын Конго-қырым геморрагиялық қызбасы он беске жуық адамнан анықталыпты. Ал кененің шағуынан шағым айтып тіркелген адам саны 600-ге жуықтаған. Конго-қырым геморрагиялық қызбасы анықталған науқастардың 4-еуі аурухана төсегінде ауыр халде көз жұмған. Соңғы қайтыс болған кісі Жалағаш ауданының тұрғыны екені белгілі болды. 50 жастан асқан ел ағасына ауру тасымалдағыш кене далалық жерде жабысып, шағып үлгеріпті. Марқұм улы жәндіктің шағуынан зардап шегіп, аурухана бөлмесінде аурумен арпалысқан еді. Бірақ өкінішке орай арты қайғылы оқиғамен аяқталды.

Көбіне кене жабысқанда жіберетін қателік – кенені теріден жұлып алу. Осындай қателікке бой алдырмас үшін алдымен адам денесіне жабысып, қан сорып жатқан кенені тұмсық астынан жіңішке жіппен байлап, асықпай, жұлқымай, кене мұртшаларын толық шығарғанша ақырын тарту керек. Егер кененің басы толық шықпай, теріде қара дақ түрінде қалып қойса, өздігінен шығуын бақылау немесе емхана хирург дәрігеріне қаралу керек. Кенені жұлған соң қолды мұқият жуып, йод немесе спиртпен сүрту керек. Өйткені кейбір жағдайларда кенелер қан сору кезінде теріге патогенді вирустар жұқтырылған зәрін қалдыруы мүмкін екен. Табылған кенені өртеп немесе қайнаған суға салып құртқан жөн. Кенені жұлу да қауіпті, өйткені жұлу кезінде де кене басы теріде қалып кетеді де, улы сөлі адам ағзасына тарала береді. Кене шаққанда ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін. Бұл derттің қауіптілігі сол осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады екен.

БАС САНИТАР НЕ ДЕЙДІ?

Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқармасының басшысы Оразғали Ахановпен қазіргі ахуал жөнінде әңгімелестік. Кене шағуынан болатын Конго-Қырым қанды безгегінің қаншалықты қауіпті екенін қатаң ескерткен бас санитар денсаулықтың кепілі тазалықта екенін еске салды.

– Кез келген аурудың алдын алуда сақтанудың, тазалықты сақтаудың көп көмегі тиеді. Тазалық денсаулық кепілі деп бекер айтпаймыз. Кенеден болатын адам өмірін қиюға дейін баратын ауру да сақтанбағанның салдарынан болады. Дауасы кешегі ата-бабамыздың сақтық шараларын үнемі қолданыста ұстап, есте сақтасақ, кене шағудан аман болар едік. Қанша жерден медицина дамығанымен туралап келген ажал жәндік шақса да алып кетеді. Біздің халықтың тектілігіне қайран қалмасқа шараң жоқ. Өйткені ата-бабамыздың кенеден қорғанған әдістерін білсеңіз, таңғалар едіңіз. Мәселен, қазақтың көшпелі тұрмысындағы тәжірибелі іс – малдың қоныстанатын қорасын қыстаудан жайлауға көшкенде немесе жайлаудан қыстауға көшкенде көңін аударып кету. “Бұл не үшін?” деген сұрақ туындауы мүмкін. Негізі кене күн суықта жерге бір жарым метр тереңдікке дейін тұмсығымен еніп кете алады. Өйткені кене екі жағымен де дем алу қабілетіне ие. Ал жерді аударған кезде жерге тереңінен еніп кеткен кене топырақпен бірге бетіне қопарылып шығады да, тірі қалмайды. Ал көшпелі халық келер жылы осы қонысқа қайта келгенде кене секілді жәндіктерден зардап шекпейді, – дейді аудандық санитарлық-эпидемиологиялық басқарма басшысы.

КОНГО-ҚЫРЫМ ҚАНДЫ БЕЗГЕГІ

Конго-қырым қанды безгегі аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жатады. Ауру көктем, жаз, күз айларында кездеседі. Конго-Қырым қанды қызбасы ауруының тасымалдаушысы – қарапайым кене. Кене шағу қауіптілігі кейбір кенелердің ағзасында осы ауруды тарататын вирустардың сақталуында жатыр. Кенелер адамға мал жайғау, малды сауу, сыртта бақша егу, отын-шөп дайындау, табиғатта дем алу, тағы сол сияқты жағдайларда жабысады. Өйткені қарап отырсақ, кенелердің шығу мерзімі де осы күз, жаз айларында. Дәл осы мезгілдерде адамдар кененің шағуынан зардап шегіп жатады.

Табиғат аясына, саяжайға демалған сәттерде, яғни дененің киімнен ашық жерлерін мейлінше азайту керек. Бұл шара кененің денеге кіруінен қорғайды. Жұмыстан кейін жабысқан кенелерді анықтау үшін күнделікті үстіңізді мұқият тексеріп шығыңыз. Кене малдың үстінде болатынын ескере отырып, малды күту барысында сақтық ережелерді бұлжытпай орындау керек. Малдағы кенені жалаңаш қолмен жұлуға болмайды. Егер адамды кене шағып алған болса, онда шұғыл түрде тұрғылықты жер бойынша емдеу мекемесіне медициналық көмекке жүгінуі керек. Сосын дәрігерлер ол кісіні 14 күнге дейін медициналық бақылауға алады. Аурудың бірінші белгілері дене қызуы көтерілуі пайда болған жағдайда өлім-жітімді болдырмау үшін емдеуді мүмкіндігінше тез бастау керек. Міне, осы айтылған қарапайым ережелерді күнделікті сақтаған жағдайда ғана адам аурудан таза болады. Сақтансаң, сақтайтынын естен шығармаған абзал.

Мамандардың айтуынша, бұл аурудың негізгі белгісі науқастың басы қатты ауырып, дел-сал күйге түсіп, тамаққа тәбеті болмайды және дене қызуы көтеріледі. Терісіне бөртпелер шығып, иньекция (ине) салған, шымшыған жерлерде терісі көгеріп, ауру белгілері пайда болады. Ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін. Бұл дерттің қауіптілігі сол, осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, осы дерттің жұғуына себепші болады екен.

ТӨРТ ТҮЛІК ТҮРЛЕРІНЕ ДЕ ЖАНАШЫРЛЫҚПЕН ҚАРАҢЫЗ

Осы тұста айта кететін жайт бар. Айналып келгенде ата-бабамыздың қаншалықты тазалықты ұстанғанын, түрлі кеселдерден қалай қорғанғанын, сақтанғанын айтпай кете алмаймыз. Әсіресе бұрында тікелей мал шаруашылығымен күнелткен халықтың осындай індеттерден аман болуы тұрмыстағы тазалығына, халықтың даналығына байланысты. Қазақтан асқан философ жоқ деп жатамыз. Мәселен, қыста қыстауда, жазда жайлауда, күзде күзеуде қоныстанған көшпелі халық о бастан-ақ кененің, жәндіктердің шағуынан болатын аурулардың алдын алуды білген екен. Қарапайым ғана мысал, кенені тек өртеу, отқа тастау арқылы көзін жоямыз. Басқалай кененің өлуі мүмкін емес. Ал енді атам қазақ тұрмысында түзден үйге оралғанда үйге енбестен бұрын сыртқы киімдерін түгел отқа қатаған. Яғни отқа сілкігенде киімге жабысқан кенелер сырт-сырт етіп отқа түсетін көрінеді.

Ал облыстық ветеринария басқармасының бас маманы Бағдат Әлібаев Конго-қырым геморрагиялық қызбасымен ауыл шаруашылығы жануарлары ауырмағанымен оларға жабысқан кене тасымалдаушы екенін айтады.

«Осыған байланысты бекітілген ережеге сәйкес мал егесі сезімтал жануарларды кенелерден таза қораларда ұстауды қамтамасыз етуі керек. Ветеринар маманның рұқсатынсыз төрт түлікті қайта топтастыруға және әкелуге рұқсат етілмейді. Сонымен қатар үй жануарларын кенеге қарсы өңдеу жергілікті температуралық жағдайларға және кененің белсенділігіне байланысты наурыз, қыркүйек айларында жүзеге асырылуы керек. Бұл залалсыздандыру жұмыстарын аптасына бір рет, қазан, қараша айларында екі аптада бір рет және желтоқсан, ақпан айларында айына бір рет залалсыздандыру жүргізген дұрыс. Наурыз, қыркүйек айларында жануарларды өңдеу үшін дымқыл әдісі, бүрку немесе ванналарға тоғыту әдісі қолданылады» деген облыстық ветеринария басқармасының бас маманы Бағдат Әлібаев кенеге карсы өңдеу жұмыстары ірі қара малға, жылқы мен түйелерге жасалатынын атап өтті.

– Айта кету керек, малды тоғыту деген қазір де бар. Бірақ кей жерлерде бұл әдіс іске асырылғанмен, оның тиімділігін аса көрмейміз. Өйткені біріншіден, малды тоғыту үшін арнайы қазылған шұқырлардың іші тар әрі табанына суды ұстап қалатын цемент секілді құрылыс заттары қойылмағандықтан, кішкене шұқырдың өзін сумен толтыру қиынға түсіп жатады. Өйткені топыраққа су сіңіп кетеді ғой. Сосын мал тоғытылғаннан кейін де қауіпсіз, оқшауланған жерде белгілі бір уақытқа дейін тұруы керек. Үстіндегі кенелер суға тұншыққаннан кейін де бірден түсіп қала салмауы мүмкін. Біртіндеп түседі ғой. Сосын сол жер толықтай дезинфекциялық тазалаудан өтуі керек. Бұл жерде қазіргі мал тоғытатын орындардың ағынды су емес екенін ескеру керек. Шұқырға толтырылған су болғандықтан, кененің өлгеніне толықтай көз жеткізу керек. Ал ата-бабамыз бұл әдісті ағын суда жасаған. Малды суға айдап, ары-бері өткізетін. Сонда суға тұншыққан кенелер теріден тұмсығын ажыратады. Осылайша ағыспен ағып кетеді де, мал терісі тазарады. Сосын барып жүнін қырыққан екен. Кенеден жұғатын аурулардан сақтанудың тағы бір түрі ол – мал қораны таза ұстау, – деген облыстық ветеринария басқармасының бас маманы Бағдат Әлібаев әсіресе мал көңінің ұзақ жатып қалмауын, қораның ылғалды болмауын қадағалау керек екенін жеткізді.

КЕНЕ БОРРЕЛИОЗЫ НЕМЕСЕ ЛАЙМ АУРУЫ

Кене боррелиозы да қауіпті бактериалдық жұқпалы дертке жатады. Бастапқы сатыда науқасты дене қызуының 38 градусқа дейін жоғарылауы, әлсіздік пен шаршау тәрізді ауру белгілері мазалауы мүмкін. Яғни ЖРВИ-мен шатастырып алуы мүмкін. Сол себепті көбінесе ол назардан тыс қалуы мүмкін. Дұрыс емдеу шаралары тағайындалмаса, жүйке және жүрек-қантамырлар ауруы мен тері және қимыл-тірек аппаратының зақымдалуының созылмалы түріне ұласу қаупі бар.

Ауруға шалдығудың белгісі – шағып алған жердің ортасында солғын түсті, ал шетінде ашық түсті сақина тәрізді эритеманың пайда болуы. Әдетте дәл осы белгі адамдардың үрейін тудырып, дәрігерге қаралуға итермелейді. Мұнда ең бастысы ауруды анықтай алатын және зертханалық тексерусіз клиникалық-эпидемиологиялық тәсілмен диагноз қоя білетін жұқпалы аурулар дәрігерінен кеңес алу керек. Дерт бастапқы кезеңінде қан талдауы арқылы анықталмайды және қарсы денелер тек бірнеше аптадан кейін пайда болады.

Қарап отырғанымыздай, қарапайым ғана кененің өзі адам өміріне өте үлкен қауіп әкеледі. Сондықтан сақтық шараларын сақтанып жүру барлығымыз үшін денсаулығымызға келетін зиянның алдын алуда көп көмегін тигізеді. Жуырда ғана кененің шағуынан ауруханаға түскен тағы бір жерлесіміз аурудың асқынуынан өмірімен қоштасқан болатын. Арты қайғылы жағдаймен аяқталған оқиғаның болғанына шамалы ғана уақыт өткенімен, тағы кенеден зардап шеккендер тіркеліп отыр.

Түйін: Жалпы тіршілік оянып, күн күрт жылитын көктем, жаз айлары адам мен үй жануарлары үшін аса қауіпті саналатын кенелердің көбейетін кезі. Осындай шақта сақтық ережелерін ескеріп, қауіпті жәндіктерден сақ болған жөн. Бұл жәндіктердің белсенділік маусымы сәуірде басталып, табиғи-климаттық жағдайларға байланысты қыркүйектің соңына дейін жалғасуы мүмкін. Сондықтан абай болған абзал.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1208

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ